

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТТАРЫ ПАЛАТАСЫНЫҢ
ҚАЙТАЛАМА ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫС
ХАТТАМАСЫ**

Қайталама жалпы жиналыс өткізілген орны: Қызылорда қаласы (Zoom программасы арқылы)

Қайталама жалпы жиналыс өткізу күні, уақыты: 02.09.2021 жыл, сағ. 17:30

Қайталама жалпы жиналысқа қатысушылар саны: 14.

Қайталама жалпы жиналысының төрағасы: Жұмабайұлы Айдос, **хатшысы:** Мадиев Арман

ЖИНАЛЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІ:

- Түркістан облысы заң консультанттары палатасымен қосылу мәселесін қарау.

КҮН ТӘРТІБІНІҢ МӘСЕЛЕСІН ҚАРАУ

Төрағалық етуші – 23 тамыз 2021 жылы кезектен тыс жалпы жиналыс өтетіні хабарланған. Жалпы жиналысқа палатамыздың 14 мүшесі тіркелді, кворум сақталмауына байланысты Жарғының 5-тарау 34 тармағына сәйкес, жалпы жиналысқа Палата мүшелерінің не тиісінше ресімделген өкілеттіктері бар олардың өкілдерінің кемінде үштен бірі қатысқан жағдайда бұл жиналыс заңды болып есептеледі. 35-тармағына сәйкес, Жалпы жиналыста Палата мүшелерінің қажетті саны болмаған жағдайда жалпы жиналыс қайта шақырылды. Қайта шақыру кезінде Палата қатысушыларының белгілі бір саны жиналысқа қатысқан кезде ол заңды болып есептеледі.

9 маусым 2021 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына ҚР Президенті қол қойып, жарияланды.

Түскен өзгерістердің біріне сәйкес, Палатаның мүшелік шарттарында кемінде 200 заң консультанттары болу туралы талап енгізілді.

Қызылорда облысы бойынша Заң консультанттары палатасы Жарғысының талабы бойынша, Палата қызметінің басым бағыттарын, айқындау Палата мүшелерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған.

Заң нормасына өзгеріс енуіне орай, Түркістан облысы заң консультанттары палатасымен қосылу мәселесі, Қызылорда облысы бойынша Заң консультанттары палатасының басқару және бақылау органдарының қатысуымен өткен жиналыста талқыланып, аталған мәселені қарау үшін кезектен тыс жалпы жиналыс өткізу туралы шешімге келді.

Күн тәртібіндегі мәселені қарау үшін, Қызылорда облысы бойынша заң консультанттары палатасын, Түркістан облысы заң кеңесшілерінің палатасына қосу арқылы, қайта ұйымдастыру, өткізу актісі бекіту, қайта ұйымдастырылуына орай қажетті әрекеттерді жүргізуді жүктеу, мәселелері жиналысқа қатысушылар арасында талқыланды.

Күн тәртібіне қатысты сұрақтар түскен жоқ, Қызылорда облысы бойынша заң консультанттары палатасын, Түркістан облысы заң кеңесшілерінің палатасына қосу арқылы, қайта ұйымдастыру, өткізу актісін бекіту, қайта ұйымдастырылуына орай қажетті әрекеттерді жүргізуді Палата төрағасына жүктеу ұсынысы қаралып, төрағалық етуші жиналысқа қатысушылардың пікірлерін тыңдап, дауыс беруді сұрады.

«ҚОЛДАЙМЫН» – 14 дауыс; «ҚОЛДАМАЙМЫН» - 0; «ҚАЛЫС ҚАЛҒАНДАР» - 0.

ШЕШІМ: Қызылорда облысы бойынша заң консультанттары палатасын, Түркістан облысы заң кеңесшілерінің палатасына қосу арқылы, қайта ұйымдастырылсын. Өткізу актісі бекітілсін. Қайта ұйымдастырылуына орай қажетті әрекеттерді жүргізу Палата төрағасына жүктелсін.

Төраға,
А. Жұмабайұлы



Хатшы,
А. Мадиев

БЕКІТІЛДІ

Қызылорда облысы бойынша заң
Консультанттары палатасының 02.09.2021 ж
Кезектес тыс қайталама жалпы
Жиналысының хаттамасымен

ӨТКІЗУ АКТІСІ

Қызылорда қаласы

02.09.2021 жыл

Қызылорда облысы бойынша заң консультанттары палатасының 02.09.2021 жылғы кезектен тыс қайталама жиналысының хаттамасымен, ҚР АҚ-нің 45-47 баптарына сәйкес, Қызылорда облысы бойынша заң консультанттары палатасының барлық мүліктері, құқықтары мен міндеттері Түркістан облысы заң кеңесшілерінің палатасына өтеді, ауысады. Оның ішінде:

- Ноудбук Lenovo IDEAPAD 100 (80MJ00GNRK);
- Банктік құжаттар;
- Палата құжаттары.

Тапсырды:

Қызылорда облысы бойынша
заң консультанттары палатасының
төрағасы



Қабылдады:

Түркістан облысы заң кеңесшілерінің
Палатасының төрағасы

